

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ



Факультеттің сапаны қамтамасыз ету комиссиясының

ЕСЕБІ

2024-2025 оқу жылы

Түркістан, 2025

2024-2025 оқу жылында Филология факультетінің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы құрамы төмендегідей болып бекітілді:

Комиссия төрайымы:

1. Қазыханқызы Лазура – PhD, аға оқытушы;

Комиссия мүшелері:

2. А.С.Даулетова – ф.ғ.к., доцент м.а;

3. Ы.Нұрмағанбетова – аға оқытушы;

4. Г.Қуанышбаева – оқытушы;

5. Г.Макенова – оқытушы;

6. З.Смайлова – МАШ-311 магистрант,

7. Б.Шариатулла – ФАТ -212 студент

8. С.Пернебай- Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

Комиссия хатшысы:

9. А.Қонысова –оқытушы

БББ біліктілік талаптарына сәйкестігі

2024-2025 оқу жылы бойынша БББ біліктілік талаптарына сәйкестігін мониторинг жүргізу барысында *Қазақ тілі кафедрасына* бакалавр дәрежесі бойынша 6В01716 Қазақ тілі мен әдебиеті ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 47,07%, 6В01716 (ІР), Қазақ тілі мен әдебиеті ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 50%, 6В02336 ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 65,51%, 7М01737-Қазақ тілі мен әдебиеті және 8Д01705-Қазақ тілі мен әдебиеті ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 100% болып, талаптарға сай екендігіне көз жеткізілді. (1-ші кестеде көрсетілген).

Финдік білім беру бағдарламасы бойынша кафедрада біліктілін арттырған оқытушы саны 18. Кафедрада барлығы 21 оқытушы, оның екеуі 2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында жұмысқа алынған, үш оқытушы дуальді оқыту бойынша сабаққа кіретін оқытушылар.

Кесте 1. Қазақ филологиясы кафедрасы

БББ коды мен атауы	БББ атауы	Білімгер саны	Жалпы ОПҚ саны	Ғылым доктор	Магистр дәрежесі туралы мәлімет	Ғылым кандидаты	PhD	Ғылыми дәрежесі жоқ оқытушылар	Негізгі штат бойынша жалпы ОПҚ саны	Ғылыми дәрежесі бар ОПҚ саны	Ғылыми дәрежелілік %
6В01716	Қазақ тілі мен әдебиеті	129	27	1	7	16	3	1	28	20	47,07
6В01716 (ІР)	Қазақ тілі мен әдебиеті	49	18	2	6	7	-	3	18	9	50
6В02336	Филология: қазақ филологиясы	55	29	1	10	14	4		29	19	65,51
7М01737	Қазақ тілі мен әдебиеті	5	11	1	1	8	1		11	10	100
8Д01705	Қазақ тілі мен әдебиеті	7	4			3	1		4	4	100

Ағылшын филологиясындағы 6В02332-Шетел филологиясы: ағылшын тілі, 6В02335-Аударма ісі: ағылшын тілі ББ-ларының ғылыми дәрежелілігі 50%, 7М02313-Шетел филологиясы: ағылшын тілі ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 100% талаптарға сәйкес жинақталғандығы анықталды. (2-ші кестеде көрсетілген).

Кесте 2. Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасы

БББ коды мен атауы	БББ атауы	Білімгер саны	Жалпы ОПК саны	Магистр дәрежесі туралы	Ғылым кандидаты	Ph D	Ғылыми дәрежесі жоқ оқытушылар	Негізгі штат бойынша жалпы ОПК саны	Дәрежесі бар ОПК саны	Ғылыми дәрежелілік %
6В02332	Шетел филологиясы: ағылшын тілі	81	10	4	1	3	4	8	4	50%
6В02335	Аударма ісі: ағылшын тілі	206	10	4	-	3	4	8	4	50%
7М02313	Шетел филологиясы: ағылшын тілі	1	4	-	1	-	-	4	4	100 %

Түрік филологиясы кафедрасына қарасты бакалавр дәрежесі бойынша 6В02267-Түркітану ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 68,42%, 6В02333-Шетел филологиясы: түрік тілі ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 58,06%, магистратура дәрежесі бойынша 7М02212-Түркітану ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 90,09% екендігі және талаптарға сай жасақталғаны анықталды. (3-ші кестеде көрсетілген).

Кесте 3. Түрік филологиясы кафедрасы

БББ коды мен атауы	БББ атауы	Білімгер саны	Жалпы ОПК саны	Магистр дәрежесі туралы мәлімет	Ғылым кандидаты	PhD	Ғылыми дәрежесі жоқ оқытушылар	Негізгі штат бойынша жалпы ОПК саны	Ғылыми дәрежесі бар ОПК саны	Ғылыми дәрежелілік %
7М02212	Түркітану	3	11		2	9	1	11	10	90,09
6В02267	Түркітану	83	20	6	6	7	1	19	13	68,42
6В02333 Шетел филологиясы: түрік тілі		30	31	9	7	11	3	30	18	58,06

Орыс тілі және әдебиеті кафедрасына қарасты бакалавр дәрежесі бойынша 6В01764-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 57,89%, 6В01724-Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (IP) ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 71,42%, 6В01717-Орыс тілі мен әдебиеті ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 52,63%, магистратура дәрежесі бойынша 7М01738-Орыс тілі мен әдебиеті ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 90% толықтырылған және талапқа сай екені анықталды (4-ші кестеде көрсетілген).

Финдік білім беру бағдарламасы бойынша кафедрада 28 оқытушыдан 14 біліктілік сертификаттарын алғандығы анықталды.

Кесте 4. Орыс тілі және әдебиет кафедрасы

БББ коды мен атауы	БББ атауы	Білімгер саны	Жалпы ОПҚ саны	Магистр дәрежесі туралы мәлімет	Ғылым кандидаты	PhD	Ғылыми дәрежесі жоқ оқытушылар	Негізгі штат бойынша жалпы ОПҚ саны	Ғылыми дәрежесі бар ОПҚ саны	Ғылыми дәрежелілік %
6B01764	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	73	19	3	4	1	4	18	11	57,89
6B01724	Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (IP)	31	14	2	2	1	2	14	10	71,42
6B01717	Орыс тілі мен әдебиеті	96	19	5	4	1	4	19	10	52,63
7M01738	Орыс тілі мен әдебиеті	5	10	1		1		10	9	90

Педагогикалық шетел тілдері кафедрасынның бакалавр дәрежесі бойынша 6B01718- Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-қытай) ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 51,1%, 6B01728- Шетел тілдері (ағылшын-қытай (IP)) ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 51,8%, 6B01719- Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-түрік) ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 50%, 6B01729- Шетел тілдері (ағылшын-түрік (IP)) ғылыми дәрежелілігі 62,5%, 6B01721- Ағылшын тілі (IP) ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 50% магистратура дәрежесі бойынша 7M01708- Шетел тілі: екі шетел тілі ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 100% толықтырылған және талапқа сай екені анықталды (5-ші кестеде көрсетілген).

Педагогикалық шетел тілдері кафедрасында кафедраға 2024-2025 оқу жылында жаңадан жұмысқа қабылданған бір оқытушы, декреттік демалыстан келген бір оқытушы, педагогикалық емес ББ бойынша мамандар даярлайтын Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасынан ауысып келген бір оқытушы, дайындық факультетінен ауысып келген бір оқытушы Финдік білім беру бағдарламасы бойынша сабақ беруге бағытталған біліктілік арттыру курсынан өтпегендігі анықталды. Кафедрада жұмыс істейтін 24 оқытушыдан 4 оқытушы Финдік білім беру бағдарламасы бойынша біліктіліктерін арттырмағандығы анықталды.

Кесте 5. Педагогикалық шетел тілдері кафедрасы

БББ коды мен атауы	БББ атауы	Білімгер саны	Жалпы ОПҚ саны	Ғылым доктор	Магистр дәрежесі туралы мағмет	Ғылым кандидаты	Ph D	Ғылыми дәрежесі жоқ оқытушылар	Негізгі штат бойынша жалпы ОПҚ саны	Ғылыми дәрежесі бар ОПҚ саны	Ғылыми дәрежелілік %
6B01718	Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын- қытай)	155	45	1	16	12	10	4	43	23	51,1
6B01728	Шетел тілдері (ағылшын- қытай (IP))	68	27	2	12	5	7	1	27	14	51,8
6B01719	Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын- түрік)	412	62	-	21	13	18	6	58	31	50
6B01729	Шетел тілдері (ағылшын- түрік (IP))	85	24	2	7	6	7	2	24	15	62,5
6B01721	Ағылшын тілі (IP)	45	22	1	9	7	4	1	22	12	50
7M01708	Шетел тілі: екі шетел тілі	39	13		-	6	7	-	13	13	100

Қорыта айтқанда, филология факультетіне қарасты кафедралардың ББ-лары біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау бойынша жүргізілген мониторинг нәтижесі, кафедралардағы ОПҚ-ның талаптарға сай екендігі анықталды.

ББ пәндері бойынша контенттердің сапалы әзірленуі және порталға толық жүктелгенін факультеттің оқу-әдістемелік комитеті тарапынан тексеріс нәтижесіне факультеттің ішкі сапа комитеті тарапынан мониторинг жасалғаны айтылды. Мониторингтің мақсаты кафедралардағы контенттердің сапалы әзірлену және порталға толық жүктелуі барысында кеткен кемшіліктер мен оларды жою жолын қарастыру болды. (6-шы кестеде көрсетілген).

Кесте 6. Контенттердің сапалы әзірленуі және порталға жүктелуі

№	Кафедра атауы	Кафедрада өтілетін пән саны	Кафедрада ғы ОПҚ саны	Контентті толық жүктеген ОПҚ саны	Контентті толық жүктемеген ОПҚ саны
1	Қазақ филологиясы	48	20	19	1
2	Түрік филологиясы	48	28	25	3
3	Педагогикалық шетел тілдері	52	24	23	1
4	Ағылшын филологиясы және аударма ісі	46	11	10	1
5	Орыс тілі мен әдебиеті	38	28	28	0

6	Жалпыакадемиялық ағылшын тілі	2	19	19	0
---	-------------------------------	---	----	----	---

Факультеттің әр бөлімінде бірнеше толық жүктелмеген контенттер анықталып, оларға қайта мониторинг жүргізілді. Нәтижесінде, ескертуден кейін контенттер толық жүктелгені көрінді.

ББ түлектерінің жұмысқа орналасуы

ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесіне мониторинг жүргізілгендігін атап өтті. Аталмыш мәселе бойынша кафедралардан келесі мәліметтер келгендігін және олардың растаушы құжаттармен сәйкестігін тексеру мақсатында мониторинг жүргізілгенін айтты. (7-ші кестеде көрсетілген).

Кесте 7. 2023-2024 оқу жылындағы түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәлімет

Білім беру бағдарламалары	Бітірген түлектер мен жұмысқа орналасқандар саны, %, 2023					
	Жалпы саны	Жұмысқа орналасқандар саны	Оқуын жалғастырғандар /әскерде	Шетел азам.	декретте /мүгедек	Құжаттармен %-дық көрсеткіш
1. 6B01716-Қазақ тілі мен әдебиеті	33	22	3	1	5	94 %
2.6B02336-Филология: қазақ филологиясы	11	6	2			73%
3.7M01708-Шетел тілі: екі шетел тілі	2	2				100%
4. 6B01717-Орыс тілі мен әдебиеті	23	19	1	-	1	91,3%
5. 6B01764- 6B01764 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	11	4	-	-	2	54,5%
6. 7M01738- Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	-	-	-	100%
7. 6B01718-Шетел тілі: екі шетел тілі: (ағылшын-қытай)	19	5	6 (1 түлек шетелдік ЖОО)			57,89%
8. 6B01719-Шетел тілі: екі шетел тілі: (ағылшын-түрік)	75	21	20 (2 түлек шетелдік ЖОО)	5	5	65,71%
9. 7M01708-Шетел тілі: екі шетел тілі	13	11	1		1	100%
10. 6B02332-Шетел филологиясы: ағылшын тілі	11	2	1 (Педагогтік қайта даярлау курсы)	7		71%
11. 6B02335-Аударма ісі: ағылшын тілі:	32	10	7 (3 түлек Педагогтік қайта даярлау курсы)		4	65,6%
12. 6B02333-Шетел филологиясы: түрік тілі	11	2	1	1	2	54,5%

Сапа комиссиясының төрағасы тарапынан Филология факультетіне қарасты ББ-лар бойынша 2023-2024 оқу жылының бітіруші түлектерінің жұмысқа орналасуы кафедралардың берген мәліметтеріне қарай растаушы құжаттарымен сәйкес келетіндігі айтылып, соған қатысты қандай шаралар қолданылып жатқандығы туралы сұрақ сұралды. Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Ж.Исаева сөз алып, бірнеше себептерді айтты.

- 1.Тұрғылықты жері бойынша «жұмыс іздеуші тұлға» ретінде тіркелген;
 2. Магистратураға түсу үшін екінші мәрте өткізілетін кешенді тестілеуге қатысады;
 3. Жеке кәсіппен айналысуда және қызмет көрсету салалында еңбек етуде;
 - 4.Түлектердің көпшілігі қыз баласы болғандықтан отбасын құрып, бала күту демалысында болады және жұмыс істеуіне отбасы мүшелері тыйым салады;
- Аталмыш себептерге басқа кафедралардың да меңгерушілері қосылды, және қосымша «Түлектердің ата-анасы басқа өңірлердегі бос жұмыс орындарына барып қызметке тұруына қарсы болады» секілді себептер де айтылды.

Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламалары бойынша бітіруші түлектермен қанағаттану деңгейі (2023–2024 оқу жылы)

2023–2024 оқу жылының көктемгі семестрінде 6B01724-Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, 6B01718- Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-қытай), 6B01719- Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-түрік), 6B01716 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламаларының бітіруші түлектері өндірістік-педагогикалық практикасы аяқталғаннан кейін жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама Google Form арқылы 2024 жылдың 20–24 ақпан аралығында жүргізіліп, 86 жұмыс беруші (практика жетекшілері, пән оқытушылары) жауап берді.

Сауалнаманың мақсаты — жұмыс берушілердің бітіруші түлектерге деген қанағаттану деңгейін анықтау. Жауаптар 5 балдық шкалада берілді (1 — Мүлдем қанағаттанбаймын; 2 — қанағаттанбаймын; 3 - Ішінара қанағаттанамын, 4 – Қанағаттанамын; 5 — Толық қанағаттанамын).

Жұмыс берушілердің бітіруші түлектермен қанағаттану деңгейі. Нәтижелер пайыздық көрсеткіште анықталды (Кесте 1).

Кесте 1. Жұмыс берушілердің бітіруші түлектермен қанағаттану деңгейі 2023-2024 оқу жылы бойынша

Сұрақтар	1	2	3	4	5
1.Өз уақытын тиімді жоспарлап, ұйымдастыра алады	3,5	1,2	15,3	22,4	57,6
2. Өз іс-әрекетін жоспарлаудың тиімді құралдарын анықтау және таңдау арқылы креативті шешімдер қабылдай алады	4,7	-	12,9	22,4	60,0
3. Тиімді мәдениетаралық қарым-қатынас құра алады	4,7	-	10,6	27,1	57,6
4. Өзінің және оқытылып жатқан тілдердің мәдениетінің тарихи фактілерін, қағидалары мен рухани құндылықтарын біледі	5,9	-	11,8	34,1	48,2
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды өз бетімен ұйымдастыру дағдысы	5,9	3,5	14,1	23,5	52,9

қалыптасқан					
6. Экономикалық білім мен қаржылық сауаттылығын көрсететін кәсіпкерлік дағдылары қалыптасқан	7,1	-	16,5	34,1	42,4
7. Қоршаған ортаны басқару аспектілерін қолдана отырып, қоршаған ортаның жай-күйін және адамға қауіпті факторлардың әсер ету дәрежесін бағалай алады	5,9	1,2	16,5	20,0	56,5
8. Оқытылатын пәндер аясында жаңа материалдарға талдау, түсіндіру, жалпылау және синтездеу амалдарын жасай алады	3,5	-	12,9	31,8	51,8
9. Оқу және тәрбие жұмысын жоспарлап, ұйымдастырып, бағалай алады	3,5		11,8	23,5	61,2
10. Инклюзивті білім беру негіздерін біледі	5,9	2,4	17,6	32,9	41,2
11. Сандық білім беру платформалары мен ресурстарын пайдалана алады	3,5	2,4	12,9	20,0	61,2
12. Инновациялық технологиялар мен оқыту әдістерін қолдана алады	3,5	1,2	10,6	28,2	56,5
13. Білім беру саласында мониторингтік зерттеулер жүргізе алады	3,5	2,4	12,9	32,9	48,2
14. Оқушылардың пәндік және тілдік құзыреттіліктеріне педагогикалық диагностика жасай алады	4,7	1,2	11,8	30,6	51,8
15. Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеп, оларды тиімді пайдалана алады	3,5	1,2	11,8	25,9	57,6
16. Академиялық жазудың негіздерін біледі және академиялық адалдық принциптерін сақтайды	4,7	-	15,3	31,8	48,2
17. Кәсіби қызметінде рефлексияны қолдана алады	4,7	-	12,9	27,1	55,3
18. Түлектердің құзіреттіктерін жақсартуға арналған ұсыныстарыңыз	- Көп практика өту керек - Түлектердің педагогикалық қызметіне сәттілік тілеймін! - Ізденісте болу - Практиканы көбейту. Көп тәжірибе мен білім жинау арқылы нағыз мұғалім болып шығады. - Көбірек оқуды қажет етеді				
	- Түлектерді техникалық қамтамасыз ету				

	(компьютер, интерактив доска)
	- Практиканың көп болуы теорияға қарағанда
	- Өз ойын еркін жеткіздіруі, құқылы және міндетті ережелер шеңберінде әрекет етуі.
	- Өз құқықтарын толық меңгеру
	- Сабақ жоспарын, сабақ барысын дамыту, тәрбие сағатындағы оқушымен жұмыс дағдыларын жетілдіру.
	- Түлектердің құзіреттіктері өте жақсы, оларды жақсарту өз қолдарында
	- Мамандық бойынша көп лекция семинарлар ккп болғаны дұрыс
	- Бағалау құралд тиімді меңгеру
	- Коммуникация, лидерство, саморазвитие, адаптируемость, эмоциональный интеллект
	- She makes the excellent work every day and i hope she will continue doing her job

Жоғары бағаланған құзыреттер (5 балл % көп үлесі):

- Оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыру – 61.2% (ең жоғары көрсеткіш)
- Сандық білім беру платформаларын пайдалану – 61.2%
- Креативті шешімдер қабылдау – 60%
- Өз уақытын тиімді басқару – 57.6%
- Жаңа материалдарды түсіндіру және талдау – 51.8–57.6% аралығы

Бұл жұмыс берушілердің түлектердің кәсіби машықтарына жоғары сенім білдіретінін көрсетеді.

Орташа бағаланған құзыреттер (4 балл басым):

- Инклюзивті білім беру, академиялық адалдық, рефлексия, педагогикалық диагностика сияқты дағдыларда 30–40% деңгейінде 4 балл берілген. Бұл дағдылар дамығанымен, одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

Төмен бағаланған тұстар (1–2 баллды көп жинаған сұрақтар жоқ), дегенмен:

- Экономикалық сауаттылық (7.1% – 1 балл),
- Инклюзивті білім беру негіздері (2.4% – 2 балл)

Бұл салаларда кейбір түлектердің жеткіліксіз дайындалғанын көрсетеді.

Жұмыс берушілер түлектердің кәсіби деңгейіне оң баға бергенімен, мынадай ұсыныстар білдірген:

- Практика көлемін арттыру (жиі айтылған ұсыныс)
- Техникалық жабдықталуды күшейту (компьютер, интерактивті тақта)
- Коммуникация, көшбасшылық, өзін-өзі дамыту, эмоционалды интеллект сияқты жұмсақ дағдыларды дамыту
- Академиялық жазу, сабақ жоспары, бағалау құралдарын меңгеру
- Құқықтық сауаттылық пен тәрбие жұмысына терең көңіл бөлу

Жалпы қорытынды ретінде жұмыс берушілер бітіруші түлектердің негізгі кәсіби құзыреттеріне қанағаттанған, әсіресе уақытты басқару, оқу-тәрбие жұмысы, цифрлық құралдарды қолдану, креативтілік пен мәдениаралық қарым-қатынас жағынан жоғары баға берілген. Дегенмен, экономикалық, инклюзивті және академиялық дағдылар бағытында қосымша қолдау мен тәжірибе қажет екені анықталды.

Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламалары бойынша бітіруші түлектермен қанағаттану деңгейі (2024–2025 оқу жылы)

2024–2025 оқу жылының көктемгі семестрінде 6B01724-Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, 6B01718- Шетел тілі: екі шетел

тілі (ағылшын-қытай), 6B01719- Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-түрік), 6B01716 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламаларының бітіруші түлектері өндірістік-педагогикалық практикасы аяқталғаннан кейін жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама Google Form арқылы 2025 жылдың 28.04–03.05.2025 аралығында жүргізіліп, 154 жұмыс беруші (практика жетекшілері, пән оқытушылары) жауап берді. Факультет кафедраларынан қатысушы ПОҚ құрамының саны 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Қатысқан ПОҚ жұмыс берушілер саны

Кафедра	Саны	%
Қазақ филологиясы	27	17,6
Орыс тілі және әдебиеті	25	16,3
Педагогикалық шетел тілдері (ағылшын тілі)	101	66,0
Барлығы	153	100,0

Сауалнаманың мақсаты — жұмыс берушілердің бітіруші түлектерге деген қанағаттану деңгейін анықтау. Жауаптар 5 балдық шкалада берілді (1 — Мүлдем қанағаттанбаймын; 2 — қанағаттанбаймын; 3 — Ішінара қанағаттанамын, 4 — Қанағаттанамын; 5 — Толық қанағаттанамын).

Кесте 3. Жұмыс берушілердің бітіруші түлектермен қанағаттану деңгейі 2024-2025 оқу жылы бойынша

Сұрақтар	1	2	3	4	5
1.Өз уақытын тиімді жоспарлап, ұйымдастыра алады		0,7	5,2	33,3	60,8
2. Өз іс-әрекетін жоспарлаудың тиімді құралдарын анықтау және таңдау арқылы креативті шешімдер қабылдай алады	-	-	5,9	33,3	60,8
3. Тиімді мәдениетаралық қарым-қатынас құра алады	-	-	5,9	23,5	70,6
4. Өзінің және оқытылып жатқан тілдердің мәдениетінің тарихи фактілерін, қағидалары мен рухани құндылықтарын біледі	-	0,7	8,5	35,3	55,6
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды өз бетімен ұйымдастыру дағдысы қалыптасқан	-	0,7	8,5	23,5	66,0
6. Экономикалық білім мен қаржылық сауаттылығын көрсететін кәсіпкерлік дағдылары қалыптасқан	-	0,7	9,2	33,3	55,6
7. Қоршаған ортаны басқару аспектілерін қолдана отырып, қоршаған ортаның жай-күйін және адамға қауіпті факторлардың әсер ету дәрежесін бағалай алады	-	1,3	10,5	28,8	58,2
8. Оқытылатын пәндер	0,7	0,7	9,2	23,5	66,0

аясында жаңа материалдарға талдау, түсіндіру, жалпылау және синтездеу амалдарын жасай алады					
9. Оқу және тәрбие жұмысын жоспарлап, ұйымдастырып, бағалай алады	1,3		5,9	24,2	68,6
10. Инклюзивті білім беру негіздерін біледі	0,7	2,6	9,8	32,0	54,9
11. Сандық білім беру платформалары мен ресурстарын пайдалана алады	1,3	-	5,9	28,1	64,7
12. Инновациялық технологиялар мен оқыту әдістерін қолдана алады	0,7	-	5,9	26,1	67,3
13. Білім беру саласында мониторингтік зерттеулер жүргізе алады	-	1,3	9,8	29,4	59,5
14. Оқушылардың пәндік және тілдік құзыреттіліктеріне педагогикалық диагностика жасай алады	0,7	0,7	1,1	25,5	62,1
15. Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеп, оларды тиімді пайдалана алады	0,7	0,7	5,9	27,5	65,4
16. Академиялық жазудың негіздерін біледі және академиялық адалдық принциптерін сақтайды	0,7	1,3	8,5	23,5	66,0
17. Кәсіби қызметінде рефлексияны қолдана алады	-	0,7	8,5	26,8	99,3
18. Түлектердің құзіреттіктерін жақсартуға арналған ұсыныстарыңыз	Бәрі жақсы				
	Рахмет				
	Практика				
	Жоқ				

1. Оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыру – 61,2%

Бұл көрсеткіш түлектердің оқу мен тәрбие жұмыстарын тиімді жоспарлап, ұйымдастыру қабілеттерін жоғары бағалағанын көрсетеді. Жұмыс берушілер бұл аспектіні өте маңызды деп есептейді, себебі мұғалімдердің оқушылармен жұмыс істеу барысында осы дағдысы басты рөл атқарады.

2. Сандық білім беру платформаларын пайдалану – 61,2%

Түлектердің сандық білім беру құралдары мен платформаларын тиімді пайдалануы жұмыскерлер тарапынан жоғары бағаланды. Бұл қазіргі білім беру процесінде заманауи технологияларды қолдану өте маңызды екенін білдіреді, әрі бұл түлектердің цифрлық сауаттылықтарын жақсы меңгергенін көрсетеді.

3. Креативті шешімдер қабылдау – 60%

Бұл көрсеткіш түлектердің шығармашылық қабілеттеріне және қиын жағдайларда тиімді шешімдер табу дағдыларына жұмыс берушілердің жоғары сенімін көрсетеді. Түлектердің

ойлау мен шешім қабылдау икемділігі маңызды, әсіресе өзгермелі және күрделі оқу жағдайларында.

4. Өз уақытын тиімді басқару – 57,6%

Жұмыс берушілер түлектердің уақытты дұрыс жоспарлау және тиімді пайдалану дағдыларын жоғары бағалаған. Бұл олардың өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, уақытты дұрыс ұйымдастыруы олардың кәсіби дамуына ықпал етеді.

5. Жаңа материалдарды түсіндіру және талдау – 51,8% - 57,6%

Жаңа материалдарға талдау жасап, оны түсіндіру және синтездеу қабілеті де жоғары бағаланды. Бұл көрсеткіш түлектердің білімдерін тиімді жеткізу, оқушылардың жаңа ақпаратты қабылдауға көмектесу және оқу үдерісін ұйымдастыру қабілеттерін айқындайды.

Жалпы алғанда, бұл нәтижелер жұмыскерлердің түлектердің кәсіби дағдыларына жоғары сенім білдіргенін, және олардың креативті шешімдер қабылдау, сандық технологияларды пайдалану сияқты салаларда жақсы көрсеткіштерге ие екенін көрсетеді.

Білім алушылардың БББ мазмұны туралы хабардар болу және оқыту нәтижелерімен қанағаттау деңгейін анықтау бойынша сауалнама нәтижесін талдау (2024-2025 оқу жылы)

3) Келесі кезекте білім алушылар арасында БББ мазмұны туралы хабардар болу және оқыту нәтижелерімен қанағаттау деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама келесі сұрақтарды қамтиды (кесте 4):

Кесте 4. білім алушылар арасында БББ мазмұны туралы хабардар болу және оқыту нәтижелерімен қанағаттау сауалнама сұрақтары

1. Білім беру бағдарламасының (БББ) атауы/
Наименование образовательной программы
2. Өзіңіздің білім алып жатқан білім беру бағдарламасы жайында хабарыңыз бар ма? /Владеете ли Вы информацией о вашей образовательной программе?
3. БББ мақсаты / Цель ОП
4. Берілетін дәреже / Присваиваемая степень
5. Кәсіби қызметтің функциялары мен түрлері /
Функции и виды профессиональной деятельности
6. Жалпы құзыреттер қанша оқыту нәтижесін қамтиды? /
Сколько результатов обучения содержат общие компетенции?
7. Кәсіби құзыреттер қанша оқыту нәтижесін қамтиды? /
Сколько результатов обучения содержат профессиональные компетенции?
8. Арнайы құзыреттер қанша оқыту нәтижесін қамтиды? /
Сколько результатов обучения содержат специальные компетенции?
9. Жалпы білім беретін пәндер циклі неше кредиттен тұрады?/
Сколько кредитов содержит цикл общеобразовательных дисциплин?
10. Базалық және бейіндеуші пәндер циклі неше кредиттен тұрады?/
Сколько кредитов содержит цикл базовых и профилирующих дисциплин?
11. БББ-да практиканың неше түрі бар?/
Сколько видов практик в ОП?
12. «Философия» пәні қай компонентке жататынын анықтаңыз?/
Определите к какому компоненту относится дисциплина «Философия»?
13. «Қаржылық сауаттылық» пәні қай компонентке жататынын анықтаңыз?/
Определите к какому компоненту относится дисциплина «Финансовая грамотность»?

14. «Түрік тілі» пәні қай компонентке жататынын анықтаңыз?/
Определите к какому компоненту относится дисциплина «Турецкий язык»?
15. Сіздің БББ-да неше элективті пән бар?/ Сколько элективных дисциплин в вашей ОП?
16. БББ-да берілген оқу нәтижелері сізді қанағаттандырады ма, әлде болашақ мұғалім үшін олар жеткіліксіз деп санайсыз ба?/
Удовлетворены ли Вы предоставленными в ОП результатами обучения или же считаете их недостаточными для будущего учителя?
17. БББ-да көрсетілген пәндер тізімі сізді қанағаттандыра ма?/
Удовлетворены ли Вы перечнем дисциплин, указанных в ОП?
18. Көрсетілген оқу нәтижелерінің қайсысы болашақ мұғалім үшін көбірек қажет?/Какой из перечисленных результатов обучения наиболее необходим будущему учителю?

Факультет бойынша 4 курстан өз еріктерімен 244 білім алушы қатысты. Демографиялық мәлімет 5-ші кестеде көрсетілген:

Кесте 5. Қатысушы білім алушылардың мәліметі

курс	саны	%
1 курс	81	33,2
2 курс	48	19,7
3 курс	57	23,4
4 курс	58	23,8
Барлығы	244	100,0

Факультет бойынша барлығы 244 білім алушы сауалнамаға қатысты.




Диаграмма 1. Қатысушы білім алушылардың мәліметі

Сауалнамаға барлығы 244 білім алушы қатысқан. Курстар бойынша қатысушылардың саны мен пайыздық үлесі мынадай:

- 1 курс – 81 студент (33,2%). Бұл ең көп қатысқан топ болып табылады. Бұл көрсеткіш 1 курс студенттерінің оқу процесі мен бағдарламасына қызығушылығы жоғары екенін, сондай-ақ оқу сапасына қатысты пікір білдіруге бейімділігін көрсетеді.
- 2 курс – 48 студент (19,7%). Қатысушылар саны жағынан бұл екінші курс студенттері салыстырмалы түрде аздау үлес көрсеткен.
- 3 курс – 57 студент (23,4%). Бұл топтың үлесі 2-курсмен салыстырғанда жоғары, әрі оқу бағдарламасына деген қызығушылығы тұрақты екенін көрсетеді.

- 4 курс – 58 студент (23,8%). Бітіруші курс студенттерінің де қатысу үлесі жоғары. Бұл олардың кәсіби дайындық деңгейіне, болашақ мамандығына байланысты оқу нәтижелеріне деген ерекше қызығушылығын білдіреді.

Сауалнамада көрсетілген сұрақтардың ББ оқыту нәтижелеріне қанағаттану деңгейіне қатысты сұрақтар төменде берілген.

16. БББ-да берілген оқу нәтижелері сізді қанағаттандырады ма, әлде болашақ мұғалім үшін олар жеткіліксіз деп санайсыз ба?/Удовлетворены ли Вы предоставленными в ОП результатами обучения или же считаете их недостаточными для будущего учителя?

Кесте 6. Сауалнаманың 16 -шы сұрағы бойынша нәтиже

Жауап түрлері	Саны	%
мүлдем қанағаттандырмайды	7	2,9
аз қанағаттандырады	7	2,9
жартылай қанағаттандырады	35	14,3
қанағаттандырады	110	45,1
толығымен қанағаттандырады	85	34,8




Диаграмма 2. Сауалнаманың 16 -шы сұрағы бойынша нәтиже

- 1) Мүлдем қанағаттандырмайды жауабын таңдаған білім алушылар (2,9%) құрады. Бұл категориядағы білім алушылар оқу бағдарламасының нәтижелері олардың кәсіби дамуына толық сәйкес келмейді деп санайды. Олар болашақ мұғалімдер үшін оқу бағдарламасының жеткіліксіз екенін немесе кәсіби дағдыларды дамытуға қажетті деңгейде білім берілмегенін айтуы мүмкін.
- 2) Аз қанағаттандырады (2,9%) – бұл топтағылар оқу нәтижелері тек аз дәрежеде қанағаттандырады. Олар бағдарламаның кейбір аспектілерін маңызды деп есептесе де, жалпы алғанда, болашақ мұғалімдер үшін білім алушыларға жеткілікті деңгейде дайындық берілмегендігін сезінуі мүмкін.
- 3) Жартылай қанағаттандырады (14,3%) – бұл санаттағылар оқу бағдарламасының нәтижелері білім алушылардың белгілі бір талаптарын қанағаттандырса да, жетілдіру немесе қосымша білім мен дағдылар қажет екенін түсінеді. Олар бағдарламаның бірқатар аспектілерін қанағаттанарлық деп санайды, бірақ оның толыққанды болашақ мұғалімдер үшін жеткіліксіз екендігін де мойындайды.
- 4) Қанағаттандырады (45,1%) – бұл санаттағылар бағдарламаның нәтижелерін негізінен қанағаттанарлық деп бағалайды. Олардың айтуынша, бағдарламаның түлектерді

дайындау деңгейі жақсы, бірақ кейбір ұсақ-түйек мәселелер мен толықтырулар қажет болуы мүмкін.

5) Толығымен қанағаттандырады (34,8%) – бұл білім алушылардың көбі оқу бағдарламасының нәтижелеріне толығымен қанағаттандырады, яғни олар болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығы жоғары деп санайды. Олар бағдарламаның барлық аспектілерін жақсы ұйымдастырылған және тиімді деп бағалайды.

Жалпы, білім алушылардың 79,9% (45,1% + 34,8%) оқу бағдарламасының нәтижелерімен қанағаттанса да, 17,1% (2,9% + 2,9% + 14,3%) өз деңгейінде жетілдіру қажеттілігін атап көрсеткен. Бұл нәтижелер бағдарламаның түлектерді кәсіби дайындауда негізінен жақсы нәтиже бергенін, алайда кейбір жетілдірулер қажет екенін көрсетеді.

17. БББ-да көрсетілген пәндер тізімі сізді қанағаттандыра ма?/ Удовлетворены ли Вы перечнем дисциплин, указанных в ОП?

Кесте 7. Сауалнаманың 17-ші сұрағы бойынша нәтиже

Жауаптар түрі	Саны	%
мүлдем қанағаттандырмайды	12	4,9
жартылай қанағаттандырады	43	17,6
қанағаттандырады	111	45,5
толығымен қанағаттандырады	78	32,0




Диаграмма 3. Сауалнаманың 17-ші сұрағы бойынша нәтиже

17 сұрақ нәтижелері талданғанда білім алушылардың пәндер тізіміне жалпы оң көзқараста екенін көрсетті:

1) «Толығымен қанағаттандырады» деп жауап бергендер – 78 білім алушы (32,0%). Бұл пәндер мазмұны мен құрылымы студенттердің күткен талаптарына толықтай сәйкес келетінін көрсетеді.

2) «Қанағаттандырады» деген жауапты 111 студент (45,5%) таңдаған. Бұл – ең жоғары үлес, яғни көпшілік студенттер пәндер тізімін негізінен қанағаттанарлық деп бағалайды.

3) «Жартылай қанағаттандырады» деген жауапты 43 білім алушы (17,6%) берді. Бұл пәндер тізімінде кейбір толықтырулар немесе өзгерістер қажет дегенді меңзейді.

4) Ал «Мүлдем қанағаттандырмайды» деп көрсеткендер – 12 студент (4,9%). Бұл көрсеткіш өте төмен, бірақ бағдарламада кей пәндер студенттердің қажеттілігін толық қамтымайтынын көрсетеді.

Білім алушылардың шамамен 77,5%-ы (қанағаттандырады + толық қанағаттандырады) пәндер тізіміне оң баға берген. Бұл оқу бағдарламасының

мазмұнының өзектілігі мен қазіргі білім алушылардың сұранысына сай екенін білдіреді. Дегенмен, 22,5%-ы (жартылай немесе мүлдем қанағаттандырмайды) бұл тізімді қайта қарап, жаңарту қажет екенін көрсетіп отыр. Мұндай пікірлер пән мазмұнын жаңарту мен білім беру сапасын жақсарту жолында ескерілуі тиіс.

18. Көрсетілген оқу нәтижелерінің қайсысы болашақ мұғалім үшін көбірек қажет?/Какой из перечисленных результатов обучения наиболее необходим будущему учителю?

1) өзінің эмоционалды интеллектін және қазіргі заманғы көшбасшының негізгі дағдыларын, өз уақытын және өз әлеуетін ұйымдастырудың тиімділігін талдау және бағалау дағдыларын пайдалана отырып, өз қызметін және кәсіби дамуын жоспарлаудың тиімді құралдарын анықтау және таңдау арқылы креативті шешімдер қабылдап өзінің кәсіби қызметін ұйымдастырады/

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті мен экономикалық білімді көрсете отырып, кәсіпкерлік қызметті, бизнес жүргізуді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті дербес ұйымдастыру дағдыларын меңгерген/

3) табиғатты ұтымды пайдалану аспектілерін қолдана отырып, қоршаған ортаның жай-күйін және адамға қауіпті факторлардың әсер ету дәрежесін бағалайды

Кесте 8. Сауалнаманың 18-ші сұрағы бойынша нәтиже

Жауап түрлері	Frequency	Percent
1	185	75,8
2	46	18,9
3	13	5,3




Диаграмма 4. Сауалнаманың 18-ші сұрағы бойынша нәтиже

Сауалнамадағы 18 сұрақ нәтижелері білім алушылардың болашақ мұғалім үшін ең өзекті және маңызды құзіреттілік ретінде креативті шешімдер қабылдау мен кәсіби қызметін тиімді жоспарлау қабілеттерін мойындайтынын көрсетті:

1-жауап нұсқасы – «Креативті шешімдер қабылдап, кәсіби қызметін ұйымдастыру» құзіреттілігі 185 студенттің (75,8%) таңдауы бойынша ең маңызды деп танылды. Бұл болашақ мұғалімнің эмоционалды интеллекті, көшбасшылық қабілеті, уақыт пен әлеуетті тиімді басқару сияқты әмбебап дағдыларға ерекше мән берілетінін дәлелдейді. Студенттер үшін мұндай құзыреттер мұғалімдік кәсіби жетістік пен өзін-өзі дамыту жолында басты фактор ретінде қарастырылады.

2-жауап нұсқасы – «Кәсіпкерлік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттерді ұйымдастыру» құзіреттілігі 46 студенттің (18,9%) таңдауы бойынша маңызды. Бұл дағдылар білім саласындағы экономикалық, құқықтық сауаттылықтың қажеттілігін көрсетеді. Бірақ бұл құзірет бірінші нұсқамен салыстырғанда екінші орында тұр.

3-жауап нұсқасы – «Қоршаған ортаның жай-күйін бағалау» құзіреттілігі тек 13 студенттің (5,3%) таңдауы бойынша маңызды деп танылды. Бұл болашақ мұғалім үшін экологиялық сауаттылық маңызды болғанымен, кәсіби әрекетке тікелей әсер ететін құзыреттермен салыстырғанда екінші кезекте қалып отыр.

Білім алушылардың басым бөлігі болашақ мұғалім үшін ең бастысы – креативтілік, өзін-өзі басқару және кәсіби дамуды жоспарлау дағдылары екенін атап өтті. Бұл білім алушылардың қазіргі заман мұғалімінен күтілетін жаңа сапаларды – көшбасшылық, дербестік және жаңашылдықты жоғары бағалайтынын білдіреді.

ПОҚ құрамының БББ мазмұны туралы хабардар болу және оқыту нәтижелерімен қанағаттау деңгейін анықтау бойынша сауалнама нәтижесін талдау (2024-2025 оқу жылы).

Сонмен қатар БББ мазмұнына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында факультеттегі кафедра оқытушылары арасында сауалнама алынды. Қатысушылар сипаттамасы келесі кестеде көрсетілген (кесте 9):

Кесте 9. Сауалнамаға қатысушы ПОҚ мәліметі

Кафедра	саны	%
Қазақ филологиясы	15	44,1
Орыс тілі және әдебиеті	12	35,3
Педагогикалық шетел тілдері	7	20,6
	34	100,0

15. БББ-да берілген оқу нәтижелері сізді қанағаттандырады ма, әлде болашақ мұғалім үшін олар жеткіліксіз деп санайсыз ба?/Удовлетворены ли Вы предоставленными в ОП результатами обучения или же считаете их недостаточными для будущего учителя?

Кесте 10. 15-ші сұрақ нәтижесі

Жауап түрлері	Саны	%
мүлдем қанағаттандырмайды	0	0
аз қанағаттандырады	2	5,9
жартылай қанағаттандырады	1	2,9
қанағаттандырады	17	50,0
толығымен қанағаттандырады	14	41,2




Диаграмма 5. 15-ші сұрақ нәтижесі

Бұл сұрақ жауаптар нәтижесін талдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады:

- 50% оқытушы оқу нәтижелерімен қанағаттанғанын,
- 41.2% толық қанағаттанатынын білдірген.

Бұл жалпы алғанда оқытушылардың 91.2%-ы оқу нәтижелерінің болашақ мұғалімдер үшін жеткілікті екенін мойындайтынын көрсетеді. Бұл – оқу бағдарламасы мазмұны мен нәтижелері білім беру мақсаттарына сай деген оң пікірдің басым екенін білдіреді.

Сыни көзқарас:

- 5.9% оқытушы "аз қанағаттандырады",
- 2.9% "жартылай қанағаттандырады" деп жауап берген.

Бұл азшылық үлес бағдарламаның кейбір тұстарын қайта қарауды немесе жаңғыртуды ұсынуы мүмкін.

Оқытушылардың басым бөлігі оқу нәтижелерін болашақ мұғалімнің кәсіби дамуына жеткілікті деп бағалап отыр. Дегенмен, аз мөлшердегі сыни пікірлер оқу нәтижелерінің кейбір бағыттарын (мысалы, практикалық машықтар немесе заманауи құзыреттер) жетілдіру қажеттігін меңзеуі мүмкін.

16. БББ-да көрсетілген пәндер тізімі сізді қанағаттандыра ма?/ Удовлетворены ли Вы перечнем дисциплин, указанных в ОП?

Кесте 11. 16-шы сұрақ нәтижесі

Жауап түрі	Frequency	Percent
мүлдем қанағаттандырмайды	1	2,9
жартылай қанағаттандырады	1	2,9
қанағаттандырады	2	5,9
толығымен қанағаттандырады	18	52,9




Диаграмма 6. 16-шы сұрақ нәтижесі

Қарастырылған сұрақ нәтижесінің талдауы келесі көрсеткіштерді көрсетті:

Жоғары қанағаттану деңгейі:

- 52.9% оқытушы пәндер тізіміне толығымен қанағаттанатынын,
- 5.9% жай ғана қанағаттанатынын білдірген.

Бұл жалпы 58.8% оқытушының пәндер тізімі бойынша оң көзқараста екенін көрсетеді.

Сыни пікірлер:

- 2.9% оқытушы пәндер тізіміне мүлдем қанағаттанбайды,
 - Тағы 2.9% оқытушы жартылай қанағаттанады деп көрсеткен.
- Яғни, 5.8% оқытушы пәндер тізімін жетілдіру қажет деп есептейді.

Көпшілік оқытушылар пәндер тізімінің мазмұнын қолдайды және оны болашақ мұғалімді даярлауда тиімді деп санайды. Сонымен қатар, кейбір оқытушылардың пікірін ескеріп, пәндер тізімін жаңарту, кейбір пәндердің мазмұнын тереңдету немесе жаңа элективті курстар енгізу сияқты қадамдарды қарастыру орынды болуы мүмкін.

17. Көрсетілген оқу нәтижелерінің қайсысы болашақ мұғалім үшін көбірек қажет?/Какой из перечисленных результатов обучения наиболее необходим будущему учителю?

- а) өзінің эмоционалды интеллектін және қазіргі заманғы көшбасшының негізгі дағдыларын, өз уақытын және өз әлеуетін ұйымдастырудың тиімділігін талдау және бағалау дағдыларын пайдалана отырып, өз қызметін және кәсіби дамуын жоспарлаудың тиімді құралдарын анықтау және таңдау арқылы креативті шешімдер қабылдап өзінің кәсіби қызметін ұйымдастырады/
- б) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті мен экономикалық білімді көрсете отырып, кәсіпкерлік қызметті, бизнес жүргізуді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті дербес ұйымдастыру дағдыларын меңгерген/
- с) табиғатты ұтымды пайдалану аспектілерін қолдана отырып, қоршаған ортаның жай-күйін және адамға қауіпті факторлардың әсер ету дәрежесін бағалайды /

Кесте 12. 17-ші сұрақ нәтижесі

Жауап түрлері	Frequency	Percent
A	32	94,1
B	1	2,9
C	1	2,9




Диаграмма 7. 17-ші сұрақ нәтижесі

17 сұрақ нәтижесін талдауы барысында келесі көрсеткіштерді анықталды:

А нұсқасы — Креативті шешім қабылдау және кәсіби қызметті ұйымдастыру

→ 94.1% оқытушы бұл құзыретті болашақ мұғалім үшін ең маңызды деп таныған. Бұл нәтиже эмоционалды интеллект, көшбасшылық, уақытты тиімді басқару және кәсіби даму құралдарын қолдану секілді дағдылардың заманауи мұғалім үшін өте өзекті екенін көрсетеді.

В нұсқасы — Кәсіпкерлік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет

→ Тек 1 оқытушы (2.9%) бұл құзыретті маңызды деп таңдаған. Бұл бағыт жалпы білім беруден гөрі қосымша дағды ретінде қарастырылуы мүмкін.

С нұсқасы — Қоршаған ортаны бағалау және қауіпсіздік

→ Тағы 1 оқытушы (2.9%) ғана таңдаған.

Бұл да маңызды болғанымен, мұғалімнің негізгі педагогикалық функцияларымен салыстырғанда екінші деңгейде бағаланған.

Оқытушылардың overwhelming (айқын басым) көпшілігі мұғалімнің креативті ойлау, көшбасшылық қабілет және кәсіби өзін-өзі басқару құзыреттерін дамытуды аса қажет деп санайды. Бұл оқу бағдарламаларын жаңартуда басым бағыт ретінде осы дағдыларды күшейту керектігін көрсетеді.

Факультеттің сапа комитетінің сауалнама нәтижелері негізінде академиялық комитетке төмендегідей ұсыныстар жасалды:

1. Креативтілік пен көшбасшылық және жасанды интеллект дағдыларын дамытуға бағытталған пәндерінің контентін күшейту
2. Цифрлық құзыреттіліктерді жүйелі дамыту. Сандық платформаларды пайдалану қабілеті жоғары бағаланғанымен, бұл салада әлі де үнемі жаңару қажет.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және кәсіпкерлік пәндерінің мазмұнын қайта қарауға ұсынуб себебі бұл құзыреттер жұмыс берушілер мен оқытушылар тарапынан төмен бағаланған. Бұл пәндерді теориядан практикаға жақындату, нақты кейстер мен жобалық тапсырмалар енгізу арқылы қызықты әрі пайдалы ету.
4. ББ оқу нәтижелерін қайта қарастыру және нақтылау. Студенттердің бір бөлігі оқу нәтижелерін жартылай ғана қанағаттанарлық деп бағалаған. БББ-дағы оқу нәтижелерін жұмыс беруші, оқытушы және студент пікірлерін ескере отырып, кәсіби құзыреттіліктерге негізделген нақты әрі өлшенетін етіп қайта құрастыру.

5. Сабақ мазмұнын жұмыс беруші талаптарына сәйкестендіру. Практика жетекшілері түлектердің кейбір кәсіби дағдыларына толық сенімді болғанымен, барлық бағыттарда бірдей жоғары нәтиже байқалмайды.
6. Факультетішілік пән үйлестіру мен қайта құрылымдау. Оқытушылар пән мазмұны мен оқу нәтижелері арасында үйлесімділікті күшейту үшін факультет ішінде пәндер мен оқу нәтижелері бойынша әдістемелік отырыстар өткізу.

Сапа комитетінің төрайымы:

Қ. Мәтін

Қазыханқызы Л.